



## ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

### 2018ж. НАУРЫЗ АЙЫ

Өткен айлардағы негізгі үрдістер, (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (6,6%)
- Мұнай өндірудің өсуі баяулады
- Құрылыс өсу үрдісін қайта басталуда
- Негізгі капиталға инвестициялардың айтарлықтай өсуі байқалды
- Еңбек нарығындағы жағдай оң қалпында сақталуда

#### I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылғы наурызда айлық инфляция 0,5% деңгейінде болды.

**Азық-түлік тауарлары** 0,8%-ға қымбаттады. Азық-түлік тауарларының құрылымында маусымдық факторлардың әсерінен жеміс-көкөніс өнімдеріне, әлемдік бағалардың өсуі салдарынан сүт өнімдеріне, сиыр және жылқы етіне, сондай-ақ қант және алкоголь өнімдеріне бағалардың ең көп өсуі байқалды.

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы 0,5%-ға өсті. Бағалардың ең көп өсуі отынға тіркелді, ол, ең алдымен, энергия ресурстарының әлемдік бағасының өсуіне байланысты. Бұдан басқа, автомобильдер, жеке заттар және тұрмыстық техника қымбатталды.

**Ақылы қызметтер** үшін баға мен тарифтердің өсуі 0,2% құрады. Ақылы қызметтер құрылымында тұрмыстық қызмет көрсетудің кейбір түрлерінің (газбен жабдықтау, ыстық су, қоқыс жинау), сондай-ақ медициналық қызмет көрсетудің, қоғамдық тамақтандыру қызметтерінің бағасының өсуі атап өтіледі. Бағалардың төмендеуі жолаушылар әуе көлігі және темір жол көлігі қызметтері үшін белгіленді.

2018 жылғы наурызда жылдық инфляция 6,6% құрады. Инфляциялық негізгі факторлардың ішінде халықтың ішкі сұраныстың жандандыруы, сонымен қатар әлемдік азық-түлік нарықтағы қысқа мерзімді сілкіністер атап өтілді.

**Халықтың инфляциялық күтулері** біртіндеп төмендеуді жалғастырып, инфляциялық күтулердің тұрақтануын бейнелейді. Сауалнама нәтижелері 2018 жылдың наурыз айында болжамды инфляцияның 5,8%-ға дейін төмендеуін көрсетті.

2018 жылдың 1-ші тоқсанында жылдық инфляция динамикасы кәсіпорындардың көпшілігі (71,9%) тұтыну бағалары ағымдағы бағамен өсетін болады деп күтуде. Респонденттердің 11%-і қазіргі уақытқа қарағанда бағаның төмендеуін күтуде. Баға өсімінің жылдам қарқынмен өсуін күткен кәсіпорындардың үлесі азайды.

Ұлттық Банк болжамы бойынша жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейді. 2018 жылы жылдық инфляция 5-7% нысаналы дәліз ішінде қалыптасады деп күтуде.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж




ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



## II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша туынды ІЖӨ көлемі 2017 жылғы қаңтар-желтоқсанда нақты көрсеткіште 4,0%-ға ұлғайып 52,0 трлн. теңгені құрады.


ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (9,3%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,5%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,8%-ға), көтерме және бөлшек сауда (2,7%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,0%-ға) көлемінің ұлғаюы.

ІЖӨ 2017 жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша түпкілікті пайдалану әдісі 4,2% деңгейде сақталуда.

Көрсеткіштің ұлғаюына шикізат тауарларының әлемдік конъюнктурасының жақсаруы аясында таза экспорттың өсуі оң үлес қосты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі баяулады, бұл нақты ақшалай табыстың және айлықтың мөлшері төмендеуіне байланысты болды.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

## III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылғы наурызда қысқа мерзімді экономикалық индикатор\* 105,3% құрады.

Көрсеткіштегі есептеудің барлық негізгі салалары оң үрдісті көрсетті. Атап айтқанда, екі айлық құлдыраудан кейін күрт өсіп, оң аймаққа көшкен құрылыс индустриясын атап өткен жөн.

Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі өнеркәсіптік өндірістің тұрақты өсуі, көліктік қызмет көрсету және бөлшек сауданың өсуі, сыртқы сектор көрсеткіштерінің өсуі, негізгі құралдарға салынған инвестициялардың айтарлықтай өсуі, кредиттік белсенділіктің артуы және еңбек нарығындағы жағдайдың жақсаруы арқылы түсіндіріледі.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

\* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

ҚЭИ-нің ең үлкен мәні Атырау облысында тұрақты болып қалуда. Көрсеткіштің өсуі, ең алдымен, шикі мұнайды өндіру мен оны көтерме саудада сатудың артуымен байланысты. Оң факторлардың арасында тауарлар мен багажды тасымалдауға арналған көліктік қызметтердің айтарлықтай өсуі, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен мен коммуникациялардың оң динамикасы байқалады. Аймақтағы құрылыс бірте-бірте қалпына келуде, бірақ әлі теріс аймақта болып, көрсеткіштің одан әрі өсуіне кедергі келтіруде.

Республикадағы ҚЭИ-нің ең төменгі мәні Астана мен Батыс Қазақстан облыстарында байқалды. Төмен мәні өнеркәсіптік өндірістің (теміржол локомотивтері, газ конденсаты), сауда мен құрылыстың төмендеуіне байланысты. Астана және Батыс Қазақстан облыстарындағы құрылыс жұмыстарының қысқаруы тұрғын үй құрылысы, өндірістік нысандар, сондай-ақ магистральдық газ құбырлары мен құбырлар салу жұмыстарының көлемін қысқартумен байланысты.

#### IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-наурыз айларында өнеркәсіп өндірісі 5,3%-ға өсті.

Әлемдік тауар нарықтарында қолайлы баға конъюнктурасы жағдайында тау-кен өндірісінің нақты көлем индексі 5,1%-ға өсті. Өсудің негізгі қозғаушы күші шикі мұнай, табиғи газ және металл кендерін өндіру болды.

Өңдеу өнеркәсібі жоғары өсу қарқынын көрсетіп, 6,2%-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне металлургия өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік өндірісі және кокс пен мұнай өнімдерін өндіруі айтарлықтай үлес қосты.

Өнеркәсіптік өндірістің өсуі және инвестициялардың көбейуі көлік қызметтердің өсуіне оң әсерін тигізді, соның нәтижесінде барлық көлік түрлерінің жүк айналымы 9,1%-ға өсті. Жүк айналымының жалпы көлемдегі ең үлкен үлес теміржол, әуе және құбыр көлігі қамтамасыз етті.


2018 жылдың қаңтар-наурызында құрылыс саласы оң аймаққа ауысып, 5,9%-ға өсті. Өнеркәсіптің өсуіне Шығыс Қазақстан облысындағы Ақтоғай кен-байыту комбинатында өнеркәсіп нысандарын және Маңғыстау облысының Құрық теңіз айлағында паром кешенін салу жұмыстары, сондай-ақ автожолдарды жөндеу және қайта құру, жылжымайтын мүлікті салу құрылыс жұмыстары әсерін тигізді.

Ауыл шаруашылығының оң динамикасы байқалды, саланың өсімі 3,6% құрады. Республиканың барлық өңірлерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуі байқалды. Саланың жеделдетуіне мал шаруашылығы өнімдерінің жалпы өнімінің көлемін ұлғайту есебінен болды.

2018 жылдың қаңтар-наурыз айларында тауарлар мен қызметтердің жалпы сатылымы сәл төмендеп, 6,2% құрады (қаңтар-ақпан айларында өсім 7,0% болды). Өнеркәсіптің өсу қарқынының баяулауына көтерме саудадағы шамалы баяулау әсер етті. Бөлшек саудада, керісінше, нақты жалақының өсуіне байланысты жеделдету байқалады.

Байланыс қызметтері жағымды үрдісті жалғастырды, сала 6,3%-ға өсті. Бұрынғысынша, индустрияның өсуіне негізгі үлес Интернеттің және ұялы байланыс қызметтерінің өсуімен қамтамасыз етіледі. Жергілікті телефон байланысы қызметтерінің теріс динамикасы байқалады.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



### V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Әлемдік мұнай және металл нарығында қолайлы конъюнктура жағдайында инвестициялық белсенділік 2018 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша жоғары деңгейде қалып, 39,5%-ға өсуді көрсетті.

Негізгі құралдарға салынған инвестициялық деректерді талдау бойынша барлық салаларда оң динамикасы белгіленеді. Сонымен қатар, инвестициялардың ең көп өсуі шикі мұнай мен табиғи газ, көлік, құрылыс және сауда салаларында байқалады. Құрылыс секторындағы инвестициялардың өсуі «Шымкент Петро Қазақстан Ойл Продактс» ЖШС-ні жаңғырту және Теңіз кен орнын кеңейту есебінен болды.


2018 жылдың басынан жылжымайтын мүлікпен операцияларға инвестициялардың алғаш рет оң нәтижесін көрсеткенін айта кету жөн. Тұрғын үй мен азық-түлікке инвестициялар өсіп келуде.

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 68,6%, ал сыртқы инвестициялардікі 31,4% құрады.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.


Республика бойынша Атырау және Оңтүстік Қазақстан облыстары инвестициялардың ең үлкен үлесін құрайды. Павлодар облысында төмен инвестициялық көрсеткіштер Павлодар мұнай-химия зауытын және тұрғын үй құрылысын жаңғырту жұмыстарын аяқтаумен түсіндіріледі.

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

Ұлттық Банк нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген пікіртерімдердің шегінде респонденттер айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың ішінде қаржылай қаражаттың жеткіліксіздігі, өнімге сұраныстың жеткіліксіз деңгейін, басқа кәсіпорындар жағынан нарықтық бәсекелестікті, кірістің жеткіліксіздігін және Қазақстан экономикасының жай-күйін атап өтті.

жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



### VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-ақпаны бойынша сыртқы сауда айналымы 23,5%-ға (экспорт 27,4%-ға, импорт 16,6%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі 70% астам, олардың экспорты 29,2%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 18,8%-ға ұлғайды. Жоғарыда көрсетілген тауарлар экспортының өсуі бірнеше факторларға байланысты, атап айтқанда әлемдік шикізат нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына, сондай-ақ Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлемінің артуы негізделді.

ЕО елдері (үлесі 53,4%), Қытай (үлесі 11,3%), ТМД елдері (үлесі 15,6%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 9,6%.

2017 жылы қаңтар-ақпан айлары импорты бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды, минералды өнімдерді қоспағанда (4,1% төмендеді). Бұл Ресей Федерациясынан автокөлік бензинінің импортының төмендеуіне байланысты болды. Импортта елеулі үлесі машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 15,8%), дайын тағамдық өнімдер (өсу 13,2%), сондай-ақ химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 8,5%) құрайды.


Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 39,1%), ЕО елдеріне (үлесі 18,5%) және Қытайға (үлесі 16,5%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

### VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

**12-график. ТМД елдеріндегі ІЖӨ**



2017 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2017 жылғы 4-тоқсанда 2017 жылғы 3-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Қырғызстан, Әзірбайжан, Ресей және Қазақстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Армения мен Тәжікстанда тіркелді. 2017 жылғы 4-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты.



**VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық**  
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2017 жылғы төртінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халық 0,2%-ға өсті (2017 жылғы үшінші тоқсанда 0,2%-ға төмендеді болды).


Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде өсуі байқалды (2017 жылдың төртінші тоқсанына 3,4%-ға өсу).

Бұдан басқа, жұмыспен қамтылғандардың санының өсуі білім беруде (2,3%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (2,8%) байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі ауыл шаруашылығында, тау-кен өнеркәсібінде, сауда және құрылыс саласында байқалды.


Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Алматы облысында (1,5%-ға өсті), Алматы (2,6%-ға) және Астана (6,6%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылғы наурызда жұмыспен қамтылғандар саны 0,7%-ға артып, 8519,5 мың адамды құрды (экономикалық белсенді халықтың 95%).


2018 жылы наурызда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 133,8 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі төмендеуде. 2017 жылғы төртінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,0%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде – 21,9%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2017 жылғы төртінші тоқсанда біршама өсіп, үлесі 70,5% болды.



### IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы наурызда бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 9,6%-ға ұлғайып, 153,2 мың теңгені құрады.

2018 жылғы 1-тоқсанда нақты жалақы 4,0%-ға өсті.

Салалар бөлігінде 2017 жылғы 4-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (32,3%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (9,9%-ға), құрылыста (7,8%-ға), мемлекеттік басқару және қорғаныста (7,4%-ға) тіркелді. Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте (13,7%-ға), білім беруде (5,8%-ға), көлікте (4,9%) төмендеу байқалды.


2017 жылғы 4-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атырау облысында (288,3 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (107,0 мың теңге) тіркелді.

2017 жылғы 3-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 4,5%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім өнеркәсіпте (12,1%-ға өсті), құрылыста (8,7%-ға), ауылшаруашылығында (6,5%-ға) және байланыс саласында (7,9%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (ауылшаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша